

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта
ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекеме

ХАТТАМА №1

Лауазымға тағайындау конкурстық комиссияның отырысы

Ақтөбе қаласы

22.08.2022ж.

Төраға – Мустафин Бауыржан Жумабаевич
Хатшы – Молдажарова Лязат Толеухановна
Қатысқандар: 5 адам (тізімі қоса беріліп отыр)

1. Білім беру ұйымы әкімшілігінің өкілдері-Мұстафина Б. ж., Жұбаева А. С.
2. Қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері-Жалғасбаева Н. З.,
3. Қалалық білім бөлімінің маманы - "Ақтөбе қаласының білім бөлімі"ММ бұйрығына сәйкес
4. Педагог – Таганова Г.А., Жумагулова Н. А., Кайбалдиева Б. Т.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Конкурс жарияланған бос лауазымдарға келіп түскен құжаттарды сараптау

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Мустафин Бауыржан Жумабаевич сөз алды:

Өз сөзінде Б.Ж.Мустафин «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 ЖББО ІТ МЛ» КММ әкімшілігі бос лауазымдарға (вожатый, АӘЖТД пәнінің педагог ұйымдастырушысы, орыс тілді кластарға математика, физика, бастауыш клас мұғалімі, музыка пәндерінен және қазақ тілді кластарға бастауышқа сабақ беретін мұғалім, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі) конкурс жариялағанын айтты.

Комиссия отырысында барлығы 10 құжат қаралатындығын айтты. Олар:

1. Куносбаева Жанат Бериковна – математика
2. Кекілбай Ақерке Амангелдіқызы – математика
3. Маханова Алия Нурболовна – тарих
4. Таженова Айша Аскарровна – тарих
5. Адилова Гульден Сериковна – тарих
6. Жухабаев Тимур Жаксыбаевич – АӘЖТД пәнінің педагог-ұйымдастырушысы
7. Әбеннова Аружан Бақытқызы – вожатый
8. Исламчина Жанат Сарсенбаевна – ағылшын тілі
9. Есмұхамбетова Амина Жандгеровна – ағылшын тілі
10. Сайбфуллаев Жансейіт Бағдатұлы – ағылшын тілі

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Мустафин Бауыржан Жумабаевич:

Барлық педагогтың құжаттарын комиссия мүшелеріне беріп, танысырып шығуларын, барлық құжаттарын толық, асықпай, мұқият қарауларын өтінді. Бағалау парағын таратып беріп, барлық құрам толық өз бағалауларын қойып шығуын тапсырды.

Бірінші, Әбенова Аружан Бақытқызының құжаттарын тексеріп, барлық критерийлер бойынша түгендеп баллдарын қойып шықты.

А.Б.Әбенованың конкурс талаптарына сай барлық құжаттары бар екендігін айтты.

Екінші, Жухабаев Тимур Жаксыбаевичтың құжаттары қаралды. АӘЖТД пәнінің педагог-ұйымдастырушысы лауазымына барлық құжаттары сай келетіндігі, магистрлік дипломға ие екендігі, педагогикалық стажының бар екендігі, ұсыныс хатының өте жақсы жазылғандығы, наградалары мен мақтау қағаздарының бар екендігі комиссия мүшелерінің арасында талқыланды.

Үшінші, Куносбаева Жанат Бериковнаның құжаттарымен танысып, математика пәнін үздік дипломмен аяқтаған жас маман екендігі айтылды. Педагогикалық тәжірибе өту барысындағы көрсеткіші жоғары екендігі, ұсыныс хаты бар екендігі талқыланды.

Төртінші, Кекілбай Ақерке Амангелдіқызының құжаттары қаралып, математика пәнінің бакалаврына ие жас маман екендігі, ұлттық бірыңғай тестілеуден өту туралы сертификаты бар екендігін және 64 балл жинағандығы, педагогикалық тәжірибе өту барысындағы көрсеткіші жоғары екендігі айтылды. Ұсыныс хаты жоқ екендігі анықталды.

Бесінші, Адилова Гульден Сериковнаның құжаттары тексерілді. 2012 жылғы дипломы бар екендігі, сырттай білім алғандығы, еңбек өтілі 11 жыл бола тұра ұсыныс хатының болмауы және ешқандай кәсіби жетістіктерінің болмауы талқыланды.

Алтыншы, Маханова Алия Нурболовнаның құжаттары тексеріліп, үздік диплом алғандығы, магистрлік дипломы бар екендігі, ұлттық бірыңғай тестілеуден өту туралы сертификаты бар екендігін және 62 балл жинағандығы, педагогикалық тәжірибе өту барысындағы көрсеткіші жоғары екендігі айтылды.

Жетінші, Таженова Айша Аскароннаның құжаттары тексеріліп, дипломы бар екендігі, колледжде жұмыс жасағандығы, ұлттық бірыңғай тестілеуден өту туралы сертификаты бар екендігі, ұсыныс хатының жоқ екендігі айтылды.

Сегізінші, Исламчина Жанат Сарсенбаевнаның құжаттары тексеріліп, педагог-модератор санатына ие екендігі, жас натуралистер станциясында еңбек еткендігі туралы, еңбек өтілінің 3 жылға жетпегендігі, кәсіби жетістіктерінің жоқ екендігі, құжаттарының талапқа сай түгел тапсырылғандығы айтылды.

Тоғызыншы, Есмұхамбетова Амина Жандгеровнаның құжаттары талқыланып, үздік дипломмен аяқтағандығы, ұлттық бірыңғай тестілеуден өту туралы сертификатына 2 балл қоюға болатындығы, тәжірибесі жоқ екендігі айтылды.

Оныншы, Сайбфуллаев Жансейіт Бағдатұлының құжаттары тексеріліп, жоары оқу орнын үздік дипломмен бітіргендігі, педагог-модератор санатына ие екендігі, ұсыныс хатының жорғары деңгейде жазылғандығы, кәсіби жетістіктерінің дәлелдемелерінің бар екендігі, Ақтөбе облысының әкімі атынан алғыс хат алған, қоғамдық жұмыстарға араласқандығы туралы, біліктілікті арттыру курсынан өткен сертификатының болуы туралы айтылды.

Қайбалдиева Бағдагүл Туртуновна сөз алып, барлық педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері түгел қарап шыққандығын айтты. Бағалау парақтарын бір-бірімен салыстырып, қорыта келген де үміткерлерге келесідей балл қойылғанын айтты:

Әбенова Аружан Бақытқызы – 8 балл
Жухабаев Тимур Жаксыбаевич - 21,5 балл
Куносбаева Жанат Бериковна - 13 балл
Кекілбай Ақерке Амангелдіқызы – 7 балл
Адилова Гульден Сериковна – 8 балл
Маханова Алия Нурболовна - 15 балл
Таженова Айша Аскаровна - 7,5 балл
Исламчина Жанат Сарсенбаевна – 9,5 балл
Есмұхамбетова Амина Жандгеровна – 10 балл
Сайбфуллаев Жансейіт Бағдатұлы – 23 балл

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Комиссия жұмысын қорытындылай келе, келесі үміткерлерді Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінен педагогикалық әдептің бұзылуы туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер негізінде жұмысқа алуға ұсыныс жасалсын:

Вожатый лауазымына - Әбенова Аружан Бақытқызы
АӘЖТД пәнінің педагог-ұйымдастырушысы лауазымына - Жухабаев Тимур Жаксыбаевич

Математика пәні мұғалімі лауазымына - Куносбаева Жанат Бериковна,
Кекілбай Ақерке Амангелдіқызы

Тарих пәні мұғалімі лауазымына - Маханова Алия Нурболовна

Ағылшын тілі пәні мұғалімі лауазымына - Сайбфуллаев Жансейіт Бағдатұлы


2. Бастауыш класс мұғалімі, орыс тілді кластарға физика пәнінің мұғалімі, орыс тілді кластарға музыка пәнінің мұғалімі лауазымдарына конкурс қайта жариялансын.

3. Орыс тілді кластарға бастауыш класс мұғалімі лауазымына құжат тапсырған үміткердің болмауына және осы лауазымға қала бойынша кадр тапшылығын ескере отырып, мектепте бар мұғалімдерге жүктеме бөлініп берілсін.

Төраға:

 Мустафин Бауыржан Жумабаевич

 Жұбаева А. С.

 Таганова Г.А.

 Жумагулова Н. А.

 Кайбалдиева Б. Т.

Хатшы:  Молдажарова Л.Т.